

**Қазақстан Республикасы мемлекеттік наградалары белгілерінің сипаттамасын
бекіту туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1996 жылғы 23 қаңтар N 2794.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1999.11.08. N 261
жарлығымен. ~U990261

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы" Қазақстан
Республикасы Президентінің 1995 жылғы 12 желтоқсандағы Заң күші бар N 2676
Z952676_ Жарлығының күшіне енуіне байланысты қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы мемлекеттік наградалары белгілерінің

Сипаттамасы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі мемлекеттік наградаларды
қажетті мөлшерде жасап шығаруға арнап қаражат бөлсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қазақстан Республикасы Президентінің
1996 жылғы 23 қаңтардағы N 2794
Жарлығымен бекітілген

Қазақстан Республикасы мемлекеттік наградалары
белгілерінің сипаттамасы

Ең жоғары дәрежелі ерекшелік белгісі - айрықша үлгідегі
"Алтын Қыран" ордені

Ең жоғары дәрежелі ерекшелік белгісі - "Алтын Қыран" ордені ақ, қызғылт

және сары түсті 585-ші және 750-ші сынамалы алтын қорытпаларынан жасалған алқа іспетті, ол орден тағанымен байланыстырушы буын арқылы бекітілген, сыртқы бетінде күрделі құлыпты түйреуіш тәрізді бекіткіші бар.

Орден тұйықталған жұлдыз нысанында жасалған (585-ші сынамалы алтынның бетінде қызғылт түсті эмаль қолданылған), одан желпуіш тәрізді жапырақшалар тарайды (ақ түсті 585-ші сынамалы алтын қорытпаларынан жасалған), олардың орталық бөліктерінде (қызғылт түсті 585-ші сынамалы алтын жапсырмаларынан) жалпы саны 20 дана болатын 4 бриллианттан бекітілген, Орденнің ортасында ақ алтын түйіршіктерімен жиектелген шеңбер ішінде, арайлана көтеріліп келе жақтан күннің аясында қанаттары желпуіш тәрізді сары түсті алтын қыран (750-ші сынамалы алтын қорытпасы) бедері бейнеленген (тұсы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы түстес ыстық эмальмен қапталған). Қыранның төменгі жағында шеңбер бойында "Алтын Қыран" деген жазу бар (тұсы жасыл түсті ыстық эмальмен қапталған). Қыранның үстіңгі жағына 3 лағыл тас орнатылған.

Тағанның бетінде бекіткіш пластина арқылы (қызғылт түсті 585-ші сынамалы алтын қорытпасы) қызыл түсті қатқыл жібек лента, орта тұсында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы түстес лента тартылған.

Ең жоғары дәрежелі ерекшелік белгісі -
"Алтын Қыран" ордені

Ең жоғары дәрежелі ерекшелік белгісі - "Алтын Қыран" ордені ақ, қызғылт және сары түсті 585-ші және 750-ші сынамалы алтын қорытпаларынан жасалған алқа іспетті, ол орден тағанымен байланыстырушы буын арқылы бекітілген, сыртқы бетінде күрделі құлыпты түйреуіш тәрізді бекіткіші бар.

Орден тұйықталған жұлдыз нысанында жасалған (585-ші сынамалы алтынның бетіне көгілдір түсті эмаль қолданылған), одан желпуіш тәрізді жапырақшалар тарайды (ақ түсті 585-ші сынамалы алтын қорытпаларынан жасалған), олардың орталық бөліктерінде (қызғылт түсті 585-ші сынамалы алтын жапсырмаларынан) жалпы саны 20 дана болатын 4 бриллианттан бекітілген. Орденнің ортасында ақ алтын түйіршіктерімен жиектелген шеңбер ішінде қанатын жайған сары түсті алтын қыран (750-ші сынамалы алтын қорытпасы) бейнеленген (тұсы көк түсті эмальмен қапталған). Қыранның төменгі жағында шеңбер бойында "Алтын Қыран" деген жазу бар (тұсы қызғылт түсті ыстық эмальмен қапталған). Қыранның үстіңгі жағына 3 лағыл тас орнатылған.

Тағанның бетіне бекіткіш пластина арқылы (қызғылт түсті 585-ші сынамалы алтын қорытпасы) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы түстес қатқыл жібек лента, орта тұсында қызғылт түсті лента тартылған.

"Айбын" ордені

"Айбын" орден күмістен жасалады, нысаны - шеңбер негізіндегі сегіз бұрышты жұлдыз пішіндес, жұлдыздың қарама-қарсы ұштарының ара қашықтығы - 45 мм.

Орденнің ортасында қару-жарақ нышандары бар қалқан орналасқан. Төменгі бөлігіндегі күреңқызыл тұсқа "Айбын" деп орденнің аты жазылған.

Орденнің екі дәрежесі бар: бірінші дәрежесінің жалпы тұсына қаракөк түсті ыстық эмаль жалатылып, алтынмен апталады, ал екіншісі - бет жағынан өңі қарайтылған күмістен және жалпы тұсы көгілдір түсті ыстық эмальдан жасалған.

"Айбын" ордені құлақша мен шығыршық арқылы жезден жасалған бесбұрыш нысанындағы тағанмен ұштасады. Жоғарғы және төменгі жақтарында жиектері бар тағанның биіктігі - 36,5 мм. ені - 38 мм. Таған сары жолақтары бар қызғылт түсті қатқыл жібек лентамен қапталған.

"Достық" ордені

"Достық" ордені - шашыраңқы үшбұрышты сәулелер түріндегі көп сатылы шеңбер тәріздес. Орденнің ортасында жер шары орналасқан, оның бетінде ыстық эмаль жалатылған күңгірт-жасыл тұста айшықты ақ шаңқан өмір гүлін аялап тұрған екі ашық алақан бейнеленген. Шардың төменгі бөлігіндегі қызылкүрең тұсқа "Достық" деп орденнің аты жазылған.

Орден күмістен жасалады, алтынмен апталады, орденнің диаметрі - 48 мм.

"Достық" ордені құлақша мен шығыршық арқылы жезден жасалған бесбұрыш нысанындағы тағанмен ұштасады. Жоғарғы және төменгі жақтарында жиектері бар тағанның биіктігі - 36,5 мм, ені - 38 мм. Таған қатқыл жібек лентамен қапталған. Лентаның ортасында ұзына бойлай жіңішке сары жолақ көктеп өтетін қызыл жолақ орналасқан. Қызыл жолақтың сол жағында көк, ал оң жағында - жасыл жолақ бар.

"Жауынгерлік ерлігі үшін" медалі

"Жауынгерлік ерлігі үшін" медалі - диаметрі 34 мм болатын шеңбер пішіндес.

Шеңбердің ортасына сегіз бұрышты жұлдыз орналасқан, жұлдыздың ішкі бөлігінде қалқан, онда қару-жарақ нышандары бейнеленген. Медальдің аты шеңберді бойлай жазылған, әріптерінің мөлшері - 3,5х3мм.

Жұлдыздың сәулелері, қалқан мен қару-жарақ нышандары жалпы шеңберден

1,5 мм жоғары орналасқан.

Медаль жезден жасалады. "Жауынгерлік ерлігі үшін" медалі құлақша мен шығыршық арқылы жезден жасалған бесбұрыш нысанындағы тағанмен ұштасады. Жоғарғы және төменгі жақтарында жиектері бар тағанның биіктігі - 30,5 мм, ені - 34 мм. Таған қызыл түсті қатқыл жібек лентамен қапталған, ортасында жасыл түсті жолақ орналасқан.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК